

## Анықтама

**Қатысушылар:** педагогтар ата-аналар Ортанғы топ биылғы қабылданған

**Күні:** 20.09.2024

**Қатысқандар:** 10

**Қатыспағандар:** 5

**Тақырыбы:** « Кел танысайық!»

**Мақсаты:**Баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Ата-аналардың тәрбиешілерімен, балабақшамен тығыз байланысын арттыру, балалармен бірге мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету, бала тәрбиелеу сапасының аз да болса жоғарлауына ықпал ету.

### Тренинг барысы:

1. Тренингке қатысушылармен «Сөйлемді жалғастыр» жаттығуы арқылы сәлемдесу.
2. «Тентек шар»-жаттығуын орындау. Ата - аналар тығыз шеңбер құрып, шарды ауада көбірек уақыт бойы қалқытып ұстаулары қажет. Түрлі әдістерді қолдануға болады – үрлеу, баспен тигізу, аяқпен тебу, бірақ ең бастысы – қолмен тигізбеу.
3. «Жер жаңғағы» жаттығуы. Қатысушылардың алдына жер жаңғақтары шашылады. Әр қатысушы бір жаңғақ алулары керек. Жаңғақтарды зерттеуге 1 минут уақыт беріледі. Әркім өз жаңғағының пішініне, көлеміне, суретеріне, сызықтарына көңіл аударып, оны есте сақтау қажет.
4. Тренингті қорытындылап, қалаулары бойынша өз пікірлерін айту.

### Қорытындысы:

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен және балалармен педагог-психолог М.Д.Жантөрина "Кел танысайық" тренингін өткізді. Ата-аналар бір-бірімен танысты. Бір-бірлеріне жақсы тіліктерін білдірді. Балалармен бірге ойнап, көңіл күйлерін көтерді.

Әдіскер  Н.Е.Калымбетова

## Анықтама

**Қатысушылар:** Топ тәрбиешілері  
**Күні:** 25.09.2024 ересек топтың балалармен  
**Қатысқандар:** 19 бала «Ақтиін»

### «Сүйікті балабақшам» әңгімелесу

**Мақсаты:** Балаларды балабақшадағы сыйластық қарым-қатынас туралы түсінік беру. Онда жұмыс жасайтын қызметкерлер жайында әңгімелеу. Тілдік қорларын дамыту.

#### Шаттық шеңбері:

Бала бала баламыз  
Бақшамызға барамыз  
Күні бойы қызыққа  
Батамызда қаламыз  
Бір шаңырақ астында  
Бірге сайран құрамыз.

#### 2. Әңгімелесу:

Бүгін біз «Сүйікті балабақшамыз» туралы әңгімелейтін боламыз. Балабақша – өз үйіміз.

Сендер сәби болып келдіңдер, ересек болып кетесіңдер. Балабақша сендерге білім береді, тәрбиелейді.

Әдептілікке, достыққа, ұйымшылдыққа үйретеді.

1. Балабақшада немен ойнағанды ұнатасың?
2. Балабақшаның қандай тамағы ұнайды?
3. Балабақшада нені тыңдап үйрендің?
4. Балабақшаның аты қалай аталады?
5. Балабақшадан не үйрендің?

#### 3. «Иә ма, жоқ па?»

(ойланаық, пікірлесейік)

Кел бәріміз ойланып,  
Иә ма, жоқ па? Ойналық  
Мен бастайын ойынды  
Түрлі сұрақ қоюды.

а) Бұл кімнің суреті?

Ол кісінің қызметі қандай?

ә) Мынау кімнің суреті?

Аспазшы апайдың қызметі қандай?

б) Ал бұл кім?

Бұл апай не істейді?

в) Мынау кім? Қандай қызмет атқарады?

г) Мынау кім апай?

ғ) Мынау суреттегі кім? Ол кісінің қызметі не?

-Бұл дәрігер апай. Бізге дәрі береді, емдейді, жарақатты таңады, тазалықты тексереді.

- Ол аспазшы апай. Бізге тамақ пісіріп береді.

-Кір жуушы апай. Қол орамалды, төсеніштерді жуып, үтіктейді.

-Тәрбиеші апай.

-Сабак үйретеді, мультфильм көрсетеді, ойнатады, серуенге шығарады, ұйықтатады.

-Ол тәрбиеші көмекшісі. Бізге тамақ береді, ыдыстар жуады, шаң сүртеді, төсек жинайды.

-Аула сыпырушы апай. Ойын алаңын қоқыстан тазартады, сыпырады, жинайды.

Сендер балабақшаға сәби болып келгеннен, ересек болып мектепке кеткенше, осы апайлар қызмет етеді деп балалармен әңгіме өткізіді

Әдіскер  Н.Е.Калымбетова

## Анықтама

**Қатысушылар:** тәрбиешілер

**Күні:** 22.10.2024.

**Дене шынықтыру:** Куцевалова Л.В.

**Тақырыбы:** Көңілді достар эстафеталық ойын

**Мақсаты:** Балалардың денесін шынықтыруға, денсаулығын нығайтуға, дұрыс өсіп қалыптасуға үйрету, жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға үйрету. Спортпен айналасудағы әртүрлі дене шынықтыру жаттығуларының әдістерін үйрету, оларды қолдану. Жаны таза ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

**Қажетті құралдар:** кеглилер, машиналар, шығыршықтар, ысқырық

Жүру барысы:

Кішкентай бүлдіршіндер бүгін біз сендермен «Көңілді достар» эстафеталық жарыс өткіземіз.

Жарысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз.

Ұстанған салауатты өмір салтын,

Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,

Болашақ спортшылар келді ортаға

Қол соғып қарсы алайық, қане, халқым!

**«Сұңқар» тобы.**

**«Тұлпар» тобы**

Сайыс 4 бөлімнен тұрады:

I. Таныстыру

«Кім епті?»

«Кім жүйрік?»

«Кім күшті?»

I – бөлім. Таныстыру.

Шарты: Екі топ өздерін таныстырады.

I — топ «Сұңқар» Ұраны: «Сұңқарлар алға, биікке самға, ешкімнен қалма!»

II — топ «Тұлпар» Ұраны: «Тұлпар болып шабамыз, сұңқардан біз озамыз»

Құрметті сайыскерлер, сіздерге сәттілік!

II – бөлім. «Кім епті?»

Шарты: Межеге дейін кеглидің арасымен еңбектеп барып, межені айналып жүгіріп келу.

III – бөлім. «Кім жүйрік?»

**Шарты: Машинамен межеге дейін барып, кері келу.**

IV – бөлім. «Кім күшті?»

Шарты: Еденде жатқан шығыршықтан шығыршыққа секіріп межеге дейін барып, межені айналып кері келу.

Осымен сайысымыз аяқталды жеңімпаздарды марапаттау үшін сөз кезегін әділқазыларға береміз.

Спорт – көркі өмірдің,

Спорт- досың, серігің.

Жаттықсаң шымыр боларсың,

Шынығып, өсіп, толарсың, — демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік етейік!

### Қорытындысы:

Балалар денесін шынықтыруға, денсаулығын нығайтуға, дұрыс өсіп қалыптасуға үйрену, жарысуға, жарыста жеңімпаз болуға тырысты. Спортпен айналасудағы әртүрлі дене шынықтыру жаттығуларының әдістерін орындап, оларды қолданды.

Әдіскер  Н.Е.Калымбетова

## Анықтама

Күні: 26.10.2024

Қатысқандар: ересек тобы «Құлпынай»

26 бала

Тәрбиеші Исатаева А.Р.

### Біз саусақтарды дамытамыз, сөйлеуді жақсартамыз

**Саусақ ойыны-** бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Дәстүрлі емес технологиясын пайдалана отырып жасалған саусақ ойыны баланың сөйлеуге деген талпынысын, қабілетін дамытып, ынтасын арттырады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз.

Саусақ ойындарының нәтижесінде:

- Баланың тілі жетіледі;
- Қимыл - қозғалысы артады;
- Икемділігі артады;
- Қисынды ойлауы дамиды;
- Танымдық деңгейі артады.

Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Алдымен балаларға саусақ ойынының шарты түсіндіріледі, әр қимылы көрсетіледі.

### «Жасыру»

**Ойын шарты:** Қатысушылар алақанға қысқа қарындашты салады, жұдырықты жұмады және ашады.

Қысқа қарындаш аламыз, жұдырыққа қысып, жасырамыз.

Ал енді, келесі қолға жасырамыз.

Қарындашты қыса отырып,

Алақанды ауыстырамыз.

Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артады.

### «Моншақтармен ойын»

Қызыл-сары көк моншақ.

Мен жасаймын көп моншақ

**Ойын шарты:** Балаға әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. мұнда қатар екі қолдың бас бармағымен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып, моншақ тәрізді бейнелейді, әрі оларды тізбектеп жасау балалар үшін өте қызықты әрекет, әрі қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды.

### Баулармен ойын

**Ойын шарты:** Баулар таратылады олардың әр жерден түйілген түйіншектерін қолдарымен ұстайды. Бұл ойынды ойнау арқылы сенсомоторлық бағдарлауы, ұсақ моторикасы, жазықтықта бағдарлауы, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игерулеріне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босаңсытады.

### «Тіс щеткасымен ойын»

**Ойын шарты:** Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасаайды. Бұл ойын балалардың ми дамытады, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.

**Қысқыштармен ойналатын ойын**

**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

**«Жаңғақтармен ойын»**

**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.

**Қорытындысы:**

Балалар оқу іс- әрекетіне белсенді қатысты. Балалар тапсырмаларды орындауда өте белсенділік танытып, өздерінің ұқыпты екендерін көрсете білді.

Әдіскер  Н.Е.Калымбетова

## Анықтама

**Күні: 13.11.2024** Дускиреева М.М.

**Қатысқандар: 23бала мектепалды даярлық**

Тақырыбы: Сиқырлы алақандар

Мақсаты: сурет салудың дәстүрден тыс (айнамен) әдісін түсіндіру; бойларындағы жақсы қасиеттерін және отбасы мүшелеріне деген қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту; жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Құралдар: қағаздар, түрлі – түсті қарындаштар, айналар.

Шаттық шеңбері:

Ашық менің жүрегім,

Ылғи күліп жүремін.

Бірге ойнап бір жүрер,

Достарым көп, білемін!

Әңгімелесу.

- Сендер үйлерінде жақындарына қалай көмектесесіңдер?

- Жақсылық барлығы отбасынан басталады, себебі біз үйде бір – бірімізге көмектесеміз. Олай болса «Мен – жақсы баламын» ойынын ойнайық!

Ойын: «Мен –жақсы баламын!»

Ойын шарты: бала айнаға қарсы отырады; өз бейнесін айнаға қарап, бақылап әңгімелейді;

Ойын «Мен –жақсы баламын!» деп аталады.

Айна арқылы сурет салу әдісі: өз бейнесіне қарап, қағаз бетінде бейнелейді.

Саусақ жаттығуы:

1.Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.

3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. ( доп пішінін жасайды).

4.Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.

Саусақтар шынжыр болады,

Үзілмейді тартсаң да,

Ал, піл келіп шынжырды,

Үзіп кетті басқанда.

Тұмсығымен доп іздеп,

Ойнағысы келіп тұр.

Достық үшін пілге мен,

Гүл сыйлағым келіп тұр.

Балалар өз еркімен сурет салады, ал тәрбиеші кейбір балаға көмектеседі.

**Қорытынды:**

- Жақсы бала болу үшін қандай қасиеттер қажет екен?

- Балалар, біз суретті қалай салдық?

- «Жақсы бала» деген атыңа лайық болу үшін біз әдепті, қамқор, адал, шыншыл, көмек көрсетуге дайын болуымыз керек. Сендер жақсы қасиеттеріңмен сыйлы, сүйкімді боласындар деп тәрбиеші балаларға жеткізді..

Өз ойларымен де бөлісті.

Әдіскер



Н.Е.Калымбетова